

**«Атырау облысы Білім беру Басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің №36  
«Нұрәлем» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының  
кезектен тыс педагогикалық кеңес**

**хаттамасы №2**

Атырау қаласы

04.11.2024ж

Қатысқандар: 19 педагог

**Тақырыбы:**

Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 31.10.2024 ж. №1534 бұйрығымен бекітілген кестеге сәйкес, мемлекеттік аттестаттау шеңберінде №36 «Нұрәлем» бөбекжайының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу.

**Күн тәртібінде:**

1. Ұжымды «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен таныстыру.
2. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес ұжым арасынан №36 «Нұрәлем» бөбекжайын өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын жүргізу үшін комиссия құрамын бекіту.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша бөбекжай директоры Г.Мусина сөз алып, бүгінгі жиналысқа жиналуымыздың себебі, 2024 жылдың қаңтар айында №36 «Нұрәлем» бөбекжай-бақшасы 2024-2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттаудан өту туралы алдымызда үлкен жауапкершілік тұрғанын айтып, кестеге сәйкес өзін-өзі бағалауын өткізу жоспарланғанын ескертті. Жиналысқа қатысушы педагогтарды «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен таныстырды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының өлшемшарттары:

1. Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызындағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкестігі қаралады.
2. Білім беру қызметін ҚР Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына сәйкес іске асыруы қаралады;
3. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтауы қаралады;
4. Баланың даму мониторингі қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы қаралады;
5. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы және нәтижелерін талдауы қаралады;
6. Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің болуы және талдауы қаралады;

7. МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы қаралады;
8. Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтауы қаралады;
9. Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылданғаға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтауы қаралады;

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар төмендегіше қаралады:

1. Тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтардың мәліметі беріліп, растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.
2. Біліктілік санатының деңгейі 5 жылда бір реттен сиретпей арттырған\растаған педагогтердің мәліметі беріліп, растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.
3. 3 жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтардың мәліметі беріліп, растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.
4. Білім беру ұйымның ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһаздармен жарактандырылуы қамтамасыз етілгендігі туралы мәлімет беріліп, видео материал қоса беріледі.
5. ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету мәліметі беріледі.
6. Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі туралы мәлімет тізім бойынша беріледі.
7. Мектепалды топтарының ата-аналарына сауалнама жүргізіліп, нәтижелерін талдау бойынша жазылады.
8. Педагогтарға сауалнама жүргізіліп, нәтижелерін талдау бойынша жазылады.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша да бөбекжай директоры Г.Мусина сөз алды: осы бұйрықты негізге ала отырып, 2024 жылдың 20 қараша мен 31 желтоқсан аралығында өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу керектегін айта келіп, өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру мақсатында комиссия мүшелерін сайлау туралы ұсыныс білдірді.

Бөбекжай әдіскері М.Алиева сөз алып, алда үлкен жауапты жұмыстың тұрғанын айта келіп, ұжымды үлкен сынақтан сүрінбей өтуіне атсалысуымыз керек екенін айтып, өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізуге жауапты комиссия мүшелерінің сайлануы керектігін айтты. Әдістемелік ұсынымға сәйкес комиссия төрайымына бөбекжай директоры Г.А.Мусинаны ұсынды.

Мүшелеріне: әдіскер- М.Алиева, педагог-психолог- З.Мукашева, Мукатова Ә. Куанышева Г. ұсынатынын айтты. Педагогикалық кеңеске қатысушылар комиссия мүшелерінің құрамын бірауыздан сайлануына келісті.

### **Шешім:**

1. №36 «Нұрәлем» бөбекжайында 2024 жылдың 20 қарашадан мен 31 желтоқсан аралығында өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.
2. Бөбекжайдың өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу комиссиясы төмендегі құрамда құрылсын:
  1. Мусина Гульжан Апанасовна- комиссия төрайымы, бөбекжай директоры;
  2. Алиева Мейрамгул- комиссия мүшесі, әдіскер;
  3. Мукатова Әлияжан-комиссия мүшесі, қазақ тілі маманы;

4. Мукашева Зульфия- комиссия мүшесі, педагог-психолог
5. Куанышева Г.Х.- комиссия мүшесі, хатшы

**Жиналыс төрайымы:**  
**Жиналыс хатшысы:**



**Мусина Г.А.**  
**Куанышева Г.Х.**